Каирбеков Ж.К., Ташмухамбетова Ж.Х., Аубакиров Е.А.,
Смағұлова Н.Т., Мылтықбаева Ж.К., Ермолдина Э.Т., Василина Г.К.

БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ТӘЖІРИБЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУДЫҢ РОЛІ

Жоғарғы оқу орындарында тәжірибеге бағытталған оқыту – студенттің кәсіби ортаға енуіне мақсатталған өндірістің кәсіби шынайы талаптары жайлы түсініктерді қалыптастыруға бағытталған, оқу және өндірістік практикаларды ұйымдастырумен байланыстырылады.

Тәжірибеге бағытталған оқытудың мәні жалпы және кәсіби құзыреттіліктің бірлігіне негізделген оқу процесінің троекториясының құрылуына байланысты. Тәжірибе бағытталған оқыту негізіне іргелі білімнің және кәсіби-қолданбалы дайындықтың бірлестігі кіреді. Жалпы кәсіби білім және өндірістік талаптар арасындағы байланыстарды қамтамасыз етуді қажет етеді.

Қазіргі кезде мамандардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес элективті пәндерді студенттердің жаңа, білім алу маршруттары ретінде қарастыруға болады. Оқу процесінде элективті пәндер, студенттердің терең манадандырылыған білім алуында; ғылым саласындағы жаңалықтардан хабарлар болуында; ғылым саласындағы жетістіктерді практикада қолдануда; ғылым аралық және пән аралық интеграцияларды дамыту тәсілдерін және жолдарын іздестіруде маңызды роль атқарады.

Қазіргі кезде болашақ мамандардың жекетұлғалық құзыреттілігін қалыптастыруда жоғары оқу орындарындағы элективті курстардың мазмұнында қосымша ғылыми мәселелерді шешу қарастырылған.

Құзыреттілік бағыт - білім беру жүйесін жұмыспен қамтамасыз ету қажеттілігіне бағыттау. Яғни, құзыреттілік жұмыс берушілердің ұсыныстарымен байланысты болуы қажет. Жоғары оқу орындарында элективті пәндерді топтастыру технологиясы, бұл пәндердің оқу процесіндегі ролін және оларды оқыту әдістемелерін терең түсінуде маңызды тәжірибелікті қажет етеді.

Жоғары оқу орындарындағы жүйе оқу процесін ғылым, техника саласындағы жетістіктермен интеграциялауға және осының негізінде қоғаммен өндірістің қазіргі даму дережесіне сәйкес мамандарды дайындауға бағытталған. Қазіргі мамандардан нақты жағдайда дұрыс шешім қабылдау және мәселені "аша" білуге қабілеттілікті қажет етеді.

Бүгінгі таңда еліміздің мұнай кен орындарын игеру, мұнай химиясы өндірісін қарқынды дамыту, сондай -ақ жалпы химия өнеркәсібін қайтадан жаңғырту органикалық катализ, мұнай химиясы синтезі салаларында түпкілікті білімі бар кәсіби деңгейі жоғары мамандардың болуы қажет. Химик – технолог мамандарын дайындау инженерлік мамандандыру салаларын қамтитын пәндерді оқытуды талап етеді.

Ғылымның дамуына байланысты мұнайды өңдеуде және өндіруде неғұлым экономикалық жағынан тиімді, замануи өндіру және өңдеу әдістеріне деген қажеттіліктің артуына байланысты осы салада жоғары квалификациялы мамандарға деген талаптар артуда. Сондықтанда, оқу жоспарларымен бағдарламаларының мазмұны және оқыту технологиясы студенттің алған білімін практикада қолдана алатындай құрылуы қажет.

Мұнай өңдеу саласындағы мамандарды дайындау жүйесі аймақтағы салалардың инновациялық ғылыми-техникалық талаптарына білім беру сапасының сәйкестілігін көрсетеді. **Мұнай өңдеу саласына қажетті мамандандырылған** білікті де білімді мамандар дайындауда элективті пәндер, студенттерге осы саладағы әрбір қондырғының технологиялық регламенттерін, технологиялық режимдерін, процестің жүру механизмдерін жете түсінуге, теориямен практиканы байланыстыруға мүмкіндік береді.

Оқыту - деңгейі құзыреттілікті қалыптастыру әдістерімен анықталатын тәжірибе жинау сатысынсыз тәжірибе бағытталған болып саналмайды.

Тәжірибеге бағытталған оқыту білуге, игеруге, меңгеруге және практикалық тәжірибеге бағытталған. Сондықтанда, осының негізінде дидактикалық бірлік: «Білу керек – игеру керек – меңгеру керек – практика» қалыптасады.

Практикаға бағытталған оқыту - кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруда студенттің оқу бағдарламасын аудиториядан тыс, оқу барысында шынайы практиканы орындау арқылы меңгеруге негізделеді. Яғни практикаға бағытталған оқытудың мақсаты студентті қазіргі замануи кәсіби практикалық жұмысқа дағдылануын қалыптастыру.